

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
«Менеджмент» кафедрасы

**БЕКІТЕМІН**

Экономика факультетінің  
деканы, э.ғ.д., профессор

С.Б.Мақыш

« 25 » 2018 ж.



6M051000 - «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы  
бойынша магистратураға түсушілерге арналған пән

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Менеджмент» кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 16 « 25 » сәуір 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі

Б.С.Толысбаев

Астана, 2018 ж.

## **МАЗМҰНЫ**

Кіріспе

1. «Мемлекеттік басқару теориясы» пәні
2. «Аймақтық экономика және басқару» пәні
3. «Экономиканы мемлекеттік реттеу» пәні

**КІРІСПЕ**

6М051000 - «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистратураға қабылдау емтиханының бағдарламасы келесі пәндерден құрастырылды:

- Мемлекеттік басқару теориясы;
- Аймақтық экономика және басқару;
- Экономиканы мемлекеттік реттеу.

«Мемлекеттік басқару теориясы» пән студенттердің әлемдік және мемлекеттік экономикадағы теориялық-әдістемелік және ұйымдастыру тауқыметтері, мемлекеттік және жергілікті басқару саласында мамандарды дайындауға және басқарудың барлық деңгейлерінде тәжірибесі бойынша білімдеріне тоқталады. Негізгісі болып тұлғалардың тиімді серіктестігін қамтамасыз ету, басқарудың барлық механизмдерін ұтымды қолдану және қалыптастыру.

«Аймақтық экономика және басқару» пәні экономиканың дамуын бағалайтын сындарлы фактор болып табылатын, мемлекет, бизнес және экономикалық агенттер арасындағы өз-ара байланысты оқып үйренуге студенттер үшін құрастырылған. Осы пәнде мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынастын жеке кәсіпкерліктің тактикасы мен стратегиясына және мемлекеттің экономикалық саясатына тигізетін әсерін түсіндіру болып табылады.

«Экономиканы мемлекеттік реттеу» пәні студентке мемлекеттік саясат нысандарын жүзеге асыру механизмдерін түсінуі; ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдарын талдай алуы, ғаламдану жағдайында қазіргі әлемнің экономикалық мәселелеріне дербес баға беру дағдыларын игеруге үйретеді.

### **Тақырып 1. Мемлекеттік басқарудың теориялық астары.**

Мемлекет түсінігін анықтау барысында біркелкі қоғамдық құбылыстарды әр адамның әрқилы қабылдау мүмкіндігін білдіретін субъективті сипаты ғана емес, сонымен қатар олардың объективті жағдайларын да ескерген жөн. Бұл жерде сөз, ең алдымен, құбылыс ретіндегі мемлекеттің күрделілігі мен көпқұбылшылығы және соған сәйкес оның түсінігін анықтау варианттарының көптігі туралы болып отыр. Осыған байланысты белгілі австриялық заңгер Г.Кельзен: «мемлекет түсінігін анықтаудағы қиыншылықтар аталмыш терминмен көптеген әр түрлі нысандар мен құбылыстар белгіленетіндіктен одан сайын күрделене түседі» деп атап етеді. Жалпы алғанда мемлекет түсінігінің өзі кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада мемлекет деп қоғамның өзін немесе оның қандай да бір ерекше нысанын айтады. Ал тар мағынасында мемлекетке басқару органдары немесе субъектілері, ұлттар, белгілі бір елдің халқы тұрып жатқан аумақ жатқызылады.

### **Тақырып 2. Басқарудағы жүйелік көзқарас, басқару функциялары мен құрылымы.**

Кез келген тарихи тұрпаттағы мемлекетті ғылыми тұрғыдан танып-білу биліктің ерекше ұйымы ретіндегі мемлекеттің ғана емес, жалпы қоғамның да негізгі сапалық сипаттамалары мен бағыт-бағдарыш білдіретін оның функцияларыш қарастыруды көздейді. Мемлекеттің функциялары - бұл мемлекеттің жалпы адами мәні мен элеуметтік тағайындалуы көрініс табатын және нақтыланатын оның ішкі және сыртқы қызметінің негізгі бағыттары. Бұл анықтамда мемлекет функциясының маңызды белгілері көрсетілген.

### **Тақырып 3. Мемлекеттік басқару үрдісінде мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесуі.**

Мемлекет қоғамның ажырағысыз бөлігі болғандықтан барлық дерлік гуманитарлық ғылымдар мемлекеттік басқару мәселелерін қарастырады. Сол сияқты мемлекеттік басқару ісінде де және ол туралы ғылымды қалыптастыру процесінде де басқа да гуманитарлық емес ғылымдардың әдістері мен мәліметтері қолданылады. Бірақ ғылымның әр саласы мемлекеттік басқару мәселесін өзінің зерттеу тұрғысынан қарастырады. Атап айтқанда мемлекет қызметін мемлекет және құқық теориясы, саясаттану, элеуметтану, философия және тағы басқа көптеген ғылыми пәндер зерттейді.

### **Тақырып 4. Мемлекеттік басқару үрдісінде мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесуі.**

Саяси институттар мен әкімшілік басқару органдарының қызметі тиісті мемлекеттік саяси және әкімшілік шешімдерді қабылдау мен іске асыруда көрініс табады. Шешімдерді талдау - мемлекеттік басқару теориясының ажырамас аспектісі болып табылады. Шешімдердің тұрпаты, оларды әзірлеу тәсілдері бойынша, әр түрлі субъектілердің қатысу деңгейлеріне қарай қоғамдық-саяси жүйенің нақты сипаттары туралы айтуға болады. Басқарушылық шешімдер барлық деңгейлерде - ұлттық, аймақтық, муниципалдық деңгейлерде қабылданады. Сәйкесінше тиісті мемлекеттік

және жергілікті басқару органдары шешім қабылдау субъектілері болып табылады.

**Тақырып 5. Мемлекеттік басқару үрдісінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.** Мемлекеттік билік - бұл мемлекеттік-құқықтық құралдар, әдістер мен тәсілдер жүйесі. Осылардың көмегімен билік етуші субъектілердің ерік-жігері іске асырылады немесе қоғам өмірінің экономикалық, элеуметтік және рухани салаларыш басқару жүзеге асырылады. Микроэкономикалық қатынастарды басқарудағы Дж.М.Кейнстің «негізгі психологиялық заңын» қолдану. Серіктестіктердің экономикалық қатынастар психологиясы. Экономикалық келіссөздер, сату психологиясы. Екі жақты мінез-құлық заңдылықтары мен қағидалары.

**Тақырып 6. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымы.**

Тарихи тұрғыда мемлекеттік меншіктің формалары мемлекеттің қоғам үстінде тұрған және қалыптасқан элеуметтік-экономикалық құрылымды қорғаудың спецификалық қызметін атқаратын ерекше аппарат ретіндегі қажеттілігінен туындайды. Мұндай қызметтерді атқару үшін мемлекет мемлекеттік билік органдарын, полиция, әскер, соттарды және т.б. материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті табыстар мен мүлікке ие болуы керек. Бұл басты орынды қазынаның ақшалай құрамы мен мемлекеттік бюджеттің ақшалай құралы басты орышды алатын мемлекеттің меншіктің қарапайым және таза түрі больш табылады.

**Тақырып 7. Мемлекеттік басқарудағы қатынастарды құқықтық реттеу.**

Құқық билік етуші топтардың, монархтың еркі емес, солардың қалауы бойынша пайда болмайды, жоғары мемлекеттік билік (парламент немесе президенттің) бекіткен жай заң емес, адамдардың ынтымақтастығын, бір-біріне байланыстылығын білдіретін олардың сана-сезімінің, мінез-құлқының, қызметтерінің және қатынастарының белгілі құрамдас бөлігі (компоненті)

**Тақырып 8. Қазақстан республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесі.**

Жергілікті өкілетті органдары - оған жергілікті маслихаттар жатады. Олар белгіленген территориясында жалпы мемлекеттік жобаларды ескере отырып халықтың пікірлерін білдіреді. Маслихатты халық жалпыға бірдей құқықтық нормаларға сәйкес 4 жылға сайлайды. Маслихаттың депутаты больш сайлануға жиырма жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы құқылы.

**Тақырып 9. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі мемлекеттік қызмет.**

Мемлекеттік қызмет- басқа адамдармен қарым- қатынас арқылы жүзеге асады, сондықтан мемлекеттік қызметке елдің барлық азаматтары тартылады. Мемлекеттік басқару субъектісіне қоғамдағы басқару қызметінің мемлекет атынан кәсіби негізде жүзеге асыратын адамдар жатады. Мемлекеттік басқаруды кадрлық қамтамасыз ету басқару персоналының сапалы құрамы қоғамның даму деңгейіне, олардың еңбек ресурстарының жағдайына байланысты. Мемлекеттік аппараттың қызметкерлері материалдық және

рухани игіліктерді өндірмейді. Бірақ олардың рөлі өндірісті ұйымдастыруға өте маңызды.

#### **Тақырып 10. Мемлекеттік басқаруды аумақтық ұйымдастыру.**

Аймақтық басқару жүйесін жетілдіру мақсаты кем дегенде екі элементтердің бірімен байланысты. Оның бірі - аймақтық басқару объектісі, яғни негізгі аймақтық жүйесі (ұлттық мемлекеттік деңгей, т.б.), екіншісі - оның субъектісі, яғни аймақтық басқару жүйесі.

#### **Тақырып 11. Қоғамдық қызмет аяларындағы мемлекеттік басқару және салаларалық мемлекеттік басқару.**

Қоғамдық қызмет салаларындағы мемлекеттік басқару шараларын тиімді ұйымдасу. Әлеуметтік саланың жалпы қоғамдық өсіміне тигізетін эсері жеке тұлғаның қалыптасуынан бастап, қоғамдық қатынаста атқаратын қызметімен және жалпы қоғамдық ұдайы өндірістің дамуына эсерін тигізетіні бәрімізге белгілі. Өмір сапасын және деңгейін көтеру экономикалық өсудің нәтижесінде және оның жпплы жағдайына тәуелді. Сондықтан да, қазыргі нарықтық уақытта мемлекет әлеуметтік саланы реттеп, бақылап, қолдап отыруы керек.

#### **Тақырып 12. Басқарушылық қызмет стилін жетілдіру және оны жүзеге асырудағы жауапкершілік.**

Басқару қызметкерлерінің мәдениеті әр түрлі қасиеттері бойынша көрініс тапса да, олардың мәдениетінің толық және нақты бағасын жұмыс істеу стиліне қарап беруге болады. Басқарушылық қызмет стилі дегеніміз - билік органдарының, қызметкерлерінің күнделікті қызметінде қолданатын әдіс - тәсілдер, күралдар жүйесі, бағышты қызметкерлерге қатысты жүріс - тұрыс үлгісі. Оның қоғамның басқа салаларындағы қызмет стилінен ерекшеліктері мемлекеттік-биліктік өкілеттіктерге сүйеніп, оны қолданумен байланысты болатын, дақтышай және толықтай нормативтік реттеліп отыратын, басқару эсерін қалыптастыруды және іске асыруды мақсат тұтатын басқару қызметкерлерінің әлеуметтік белсенділігімен айқындалады.

#### **Тақырып 13. Мемлекетті басқару жөніндегі қызметтің әлеуметтік-экономикалық тиімділік проблемасы.**

Мемлекеттік басқарудың тиімділік мәселесі қазіргі Кездегі ғылым пен тәжірибенің басты назарындағы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселеге шетел және ресей ғалымдары да өздерінің ғылыми еңбектерін арнағаны белгілі.

«Қызмет тиімділігі» түсінігі кез келген қызмет түріне, оның ішінде басқарушылық қызметте де қолданылады. Экономикалық ғылымда экономикалық тиімділік категориясы және оны баға-лаудың тиісті өлшемдері енгізілген. Нарықтық бәсекелестік жағдайында фирманы басқару процесінде қатысты қазіргі заманғы менеджментте де осы категория пайдаланылады. Оларды бірқатар өзгертулер енгізе отырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігі түсінігін анықтау барысында қолдануға болады.

## **1 тақырып. Аймақтық экономика және басқару пәні. Аймақтар ұғымы және басқару пәні. аймақтар ұғымы және типологиясы**

Аймақтық экономика және басқару пәні, негізгі мәндеттері мен әдістері. салыстырмалы-географиялық әдіс. статистикалық әдіс. циклдік әдіс. шығындар әдісі. Бағдарламалық-мақсаттық әдіс. Аймақтық экономика және басқарудың экономикалық ғылым жүйесіндегі орны.

Аймақтық экономиканың негізгі ұғымдары. «аймақ» ұғымы, теориялық және практикалық түсіндірмелері. «аймақ» ұғымы мен «экономикалық кеңістік» ұғымдарының арақатысы. ұлттық экономика өзара байланысты аймақтар жүйесі ретінде

## **2 тақырып. Аймақтық экономика және басқарудың теориялық негіздері**

И.Тюненнің ауылшаруашылық штандарт теориясы. А.Вебердің өнеркәсіптік штандарт теориясы. а.лештің шаруашылық пен ұйымдастыру туралы ілімі. в.лаунхардтың өнеркәсіптік кәсіпорынның рационалды штандарты. А.Смит пен д.рикардоның абсолютті және салыстырмалы артықшылықтар теориясы.

Аймақтық экономика теориялары дамуының заманауи бағыттары: балансталмаған өсу теориясы, «өсу плюсі» теориясы, аймақтық теңдестік теориясы және т.б.

## **3 тақырып. Аймақ шаруашылық жүргізу және басқару объектісі ретінде**

Аймақ ұлттық экономиканың ішкі жүйесі ретінде. аймақтың әлеуметтік-экономикалық кешенін қалыптастыру және оның қызметі. Аймақтық даму негіздерінің макроэкономикалық сипаттамасы.

Аймақтық еңбек бөлінісінің түрлері және деңгейлері. аумақтық еңбек бөлінісін ұйымдастыру нысандары. аймақтың салалық және аумақтық ұғымы. аймақтардың салааралық байланыстары.

Аймақтың ұдайы өндіру процесінің ұғымы және мәні. ұдайы өндірістің аймақтық айырмашылықтары. аймақтық ұдайы өндіріс процесінің пропорциялары. қазақстан республикасының қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық дамуындағы аймақтық диспропорцияларының сипаты.

## **4 тақырып. Аймақтың экономикалық әлеуеті және оны бағалау**

Аймақ әлеуетінің негізгі құрамдас бөліктері: құрылымды, даму көрсеткіштері. табиғи-экологиялық әлеуеті. еңбек әлеуеті.

Өндіргіш күштерді оналастыру заңдылықтары, принциптері және факторлары. салааралық өзара әрекеттесулері.

Аймақтық орталықпен, басқа аймақтармен және қалған елдермен экономикалық байланыстары. экономикалық қатынастардың негізгі нысандары: сауда, қаржылық. Аймақтық меншіктің қызмет ету проблемалары.

## **5 тақырып. Аймақ макроэкономикалық талдау объектісі ретінде**

Аймақтық талдау әдістері. аймақтық макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесі. Аймақ экономикасы ашықтығының көрсеткіштері - әкелу, шығары және алмасу коэффициенттері. Аймақ экономикасының салалық құрылымын жаһандану, жергіліктену көрсеткіштері бойынша талдау. аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму индикаторлары.

Ұлттық есеп жүйесін аймақтандыру. аймақтың салааралық байланысы.

#### **6 тақырып. ҚР аймақтары экономикасының тарихи – географиялық сипаттамасы**

Қазіргі заман қазақстан экономикасының кеңістік құрылымының саяси және физика-географиялық факторларға тәуелділігі. Қазақстан аймақтарының бұрынғы әкімшіл-әміршіл экономикадағы рөлі және орны қазіргі заманғы аймақтық дамудың тұрақты негізі ретінде. Белгілі бір аймақтардың шикізат бағыттылығының күшеюі және моносалалық аймақтардың пайда болуы. Шикізаттық аймақтардың ашықтығының және аймақтардың салалық құрылымындағы диспропорциялардың күшеюі, ұлттық экономика жүйесіндегі республикалық нақты аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша дифференциациясының күшеюі және аймақтық экономикалық саясат механизмдерін жетілдіру мәселелері.

#### **7 тақырып. Аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу қажеттілігі және мәні**

Аймақтық теңсіздіктердің объективті негіздері және аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу қажеттілігі. Жалпы ұлттық экономикалық саясаттағы аймақтың экономикалық орны. Аймақтық дамуды реттеудің институционалдық және құқықтық негіздері. Аймақтық дамуды реттеудің негізгі әдістері мен құралдары. Аймақтық саясаттың макро және микро құралдары. Мәселелі аймақтар және аймақтық даму бағдарламалары.

#### **8 тақырып. Аймақтық даму жүйесін қалыптастыру. Аймақтық менеджмент**

Басқару жүйесін қалыптастыру және оның даму қағидалары. басқарудың еуропалық және азиялық модельдері. Аймақтық басқару жүйесінің муниципалдық және мемлекеттік жүйелерден айырмашылығы. мемлекеттік аймақтық экономикаға әсер ету әдістері. Аймақ экономикасын басқарудың ұдайы өндірістік әдісі.

Аймақтық менеджмент және оның формалары. Аймақтық менеджментке әсер ететін ішкі және сыртқы орта факторлары. Аймақтық менеджменттегі жаңа тенденциялар.

#### **9 тақырып. Аймақтық экономика дамуының жоспарлануы мен болжануы**

Аймақтық дамудың жоспарлануы мен болжануының объективті шарттылығы, олардың әкімшілік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары. Аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау мен болжаудың жетілдіруіне бағытталған негізгі әдістемелік бағыттар: маркетингтік зерттеулер, логикалық үлгілер (модельдеудің) әдістері, эксперттік бағалар, икемділік коэффициенттері. аймақтық даму жоспарлары



мен болжамдардың басты мазмұны ол – олардың бөлімдері мен көрсеткіштері.

### **10 тақырып. Аймақтық бағдарламалар**

Аймақтық бағдарламалардың теориясы мен тәжірибесі. Бағдарламалық-бүтіндік әдістің негізгі белгілері. Бағдарламаның қалыпты құрылымы. Аймақтық бағдарламалардың классификациясы. Бағдарламаны басқару, бағдарламаны жүзеге асыру механизмі. Бағдарламаның басты өлшемдері. Бағдарламаның мақсаттары мен ресурстары. Бағдарламалар нұсқаларын бағалау.

### **11 тақырып. Аймақтық саясаттың құралы ретінде арнайы экономикалық аймақтар**

Нақты жерлердегі экономикалық өмірді ұйымдастырудың түрі ретіндегі арнайы экономикалық аймақ (аэа). АЭА құру қажеттілігі мен мақсаттары.

АЭА деңгейі берілетін территорияларды таңдау категориялары. АЭА түрлері: еркін сауда аймақтары, кәсіпкерлік аймақтар, техника-ендіргіш аймақтар. Сыртқы саудалық, фискалды, қаржылық және әкімшілік жеңілдіктер. АЭА қызмет етуінің әлемдік тәжірибесі.

### **12 тақырып. Аймақтық саясатты жүзеге асырудағы экономикалық механизмдер**

Бюджеттік жүйе және бюджет аралық қатынастар аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің маңызды мәселелері ретінде. Бюджет аралық трансферттер және олардың аймақтың дамуындағы рөлі.

Аймақтық деңгейдегі салықтық, несиелік, инвестициялық және бағалық саясат. жеңілдіктер, стимулдар және преференциялар аймақтық дамудың реттеуші құралы ретінде.

### **13 тақырып. Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің әлемдік тәжірибесі**

Әлем елдеріндегі аймақтық экономикадағы мәселелері: жалпы және ерекше. әлемнің әр түрлі елдері бойынша аймақтық экономикалық саясаттың салыстырмалы анализі. әлемдік экономикадағы аймақтық дамуды реттеуші институттар. Аймақтық саясаттың құқықтық негіздері және макро мен микро құралдары. Әлемдік экономикадағы проблемалық аймақтар мен аймақтық даму бағдарламалары. АҚШ және еуропа елдерінің тәжірибесі. қытайдағы аэа. ҚР-ң шаруашылық практикасында шетелдік тәжірибені пайдалану мүмкіндігі.

## **«ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ»**

### **Тақырып 1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық аспектілері.**

Қоғамдық-экономикалық негізгі жүйелердің типтері және шаруашылық жүргізудің негізгі моделдері. Экономикаға мемлекеттің араласуының объективті қажеттілігі. Мемлекеттік реттеудің әр түрлі моделдері. Мемлекеттік реттеудің классикалық моделі. Нарықтық экономикаға

мемлекеттің белсенді араласу моделі. Мемлекеттік реттеу туралы қазіргі неоконсерваторлық тұжырымдама.

Экономиканы «мемлекеттік реттеу» түсінігінің анықтамасы. Экономикаға мемлекеттің араласу шектері. «Нарықтың кемшіліктері» және «мемлекеттің кемшіліктері». Экономиканы мемлекеттік реттеудің субъектілері мен объектілері, олардың әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық мүдделері.

**Тақырып 2. Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістемесінің түсінігі және оның негізгі элементтері.**

Мемлекеттік реттеу тұжырымдамасын дайындау. Мақсаттарды анықтау, бәсекелес және бірін-бірі қолдаушы мақсаттар. Әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды басымдықтарын анықтау. Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастыру қағидаларын дайындау, мақсаттарға жету үшін құралдар тобын анықтау.

**Тақырып 3. Мемлекеттік реттеу нысандарының жалпы сипаттамасы.**

Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру механизмдерін қалыптастыру. Мемлекеттің дәстүрлі және жаңа қызметтері. Әкімшілік-құқықтық реттеу. Экономикалық реттеу. Экономикаға мемлекеттің тікелей және жанама әсер ету нысандарын анықтайтын жағдайлар. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдары. Қазақстандағы мемлекеттің экономикалық билік ету жүйесі. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды ұйымдыстырушылық-құқықтық қамтамасыз ету. Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні және даму белгілері.

**Тақырып 4. Болжау мен жоспарлау мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері ретінде.**

Мемлекеттік реттеудің қазіргі әдістері: ғылыми болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау. Болжаудың негізгі түрлері. Болжаудың қағидалары: кешенділігі, ғылыми негізделуі, баламалығы, мақсатқа сай бағытталуы. Болжау әдістері. Жоспарлаудың мәні және негізгі мақсаттары. Жоспарлаудың түрлері: директивті және индикативті. Жоспарлаудың қағидалары. Экономикалық бағдарлама жасау. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары, мерзімі, сипаты және жүзеге асыру тәсілдері.

**Тақырып 5. Экономиканы реттеудің қаржы – бюджеттік әдістері.**

Фискалды саясат қаржы-бюджеттік реттеудің негізі ретінде: мақсаттары, негізгі құралдары. Мемлекеттік бюджет экономиканы қаржылық реттеудің негізі. Бюджет жүйесін құрудың қағидалары: ашықтық, ғылымилық, толықтық, адрестік. Мемлекеттік бюджеттің қызметтері. Салық жүйесі мемлекеттің экономикалық саясатының әдісі ретінде. Салық жүйесін құрудың қағидалары, негізгі құралдары: салықтық жеңілдіктер, салықтық несиелер, жеделдетілген амортизация. Бюджеттің тапшылығы және мемлекеттік қарыз-экономиканы реттеудің құралдары. Қазақстан Республикасындағы қаржы саясатының еркешеліктері.

**Тақырып 6. Экономиканы ақша – несиелік реттеудің негізгі механизмдері.**

Ақша-несиелік реттеудің теориялық негіздері. Ақша-несиелік реттеудің неоклассикалық және кейнстік модельдері. Ақшаның монетарлық теориясы. Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары. Орталық банктің қызметтері. Классикалық монетарлық құралдар: ашық рыноктағы операциялар, пайыз қойылымы саясаты, міндетті резервтерді реттеу. ҚР даму сатыларындағы ақша-несиелік саясатының ерекшеліктері.

### **Тақырып 7. Экономикалық өсу: негізгі факторлары және оны қамтамасыз етудің мемлекеттік іс-шаралары**

Экономикалық өсудің мақсаттары, типтері, факторлары. Экономикалық өсу және қоршаған орта. Тұрақты экономикалық өсу және тұрақты экономикалық даму тұжырымдамасы. Экономикалық өсудің модельдері. Адам капиталы өсудің маңызды факторы ретінде. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі әрекет ету бағыттары. Өндірістің тиімділік көрсеткіштері.

### **Тақырып 8. Ғылыми – техникалық прогресстің бағыттары және оны жеделдетудегі мемлекеттің ролі.**

Ғылыми – техникалық прогресс қазіргі дамудың факторы ретінде. Ақпараттық-коммуникациялық төңкеріс жағдайындағы ұлттық мемлекеттердің даму ерекшеліктері. Ақпараттық технологиялардың адам факторына әсері. Ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттардың қалыптасуы. 2003-2015 жж. дейінгі Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық стратегиясы.

Посиндустриалды қоғам құрудағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ролі. НИОКР-ды қаржыландыру жағдайлары мен көздері. Индустриалды-инновациялық стратегияны жүзеге асыруда ҚР даму институттарының ролі. кәсіпкерлікті ұйымдастыру мен дамытуды ынталандыру.

### **Тақырып 9. Мемлекеттің құрылымдық, өнеркәсіптік және инвестициялық саясаттарын қалыптастыру мен жүзеге асыру механизмдері.**

Постиндустриалдық типтегі экономика құрылымы. Мемлекеттің құрылымдық саясаты және негізгі көрсеткіштері: ұдайы өндірісті реттеу, «мотор-салаларды» анықтау. Экономиканы қайта құрылымдау кезіндегі мемлекеттік іс-шаралары. Белсенді өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың қажеттілігі. Ұзақ мерзімге арналған өнеркәсіптік саясаттың негізгі міндеттері, мақсаттары, қағидалары. Өнеркәсіптік саясаттың түрлері. ҚР өнеркәсіпті қолдаудың таңдамалы және жалпы іс-шаралары. Құрылымдық және өнеркәсіптік саясаттағы инвестициялық сфераның ролі. Инвестициялаудың субъектілері мен объектілері. Инвестицияның негізгі пайда болу көздері. Инвестициялық іс-әрекетті мемлекеттік реттеу нысандары: инвестициялық бағдарлама, мемлекеттік инвестицияларды тікелей басқару. Инвестициялық сфераға ықпал ету нысандары: салық жүйесі, қаржылық көмек, несие және амортизациялық саясат. Ұлттық шаруашылық құрылымын өзгертудің қажеттігі – Қазақстанның бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына қосылуының маңызды шарты.

### **Тақырып 10. Аграрлық сфераны мемлекеттік реттеу.**

Ұлттық экономикадағы аграрлық өндірістің ерекшеліктері. Елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аграрлық сфераның рөлі. Агроөнеркәсіптік кешенде тұрақты өндірісті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі қызметтері. Өндірушілерді мемлекеттік қолдау нысандары: ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныс пен ұсынысқа әсер ету. Аграрлық саясаттың іс-шаралары. Агробизнесі қалыптастыру. Қазақстан Республикасында аграрлық өндірісті ынталандыратын мемлекеттік бағдарламалар. Аграрлық кластерлер.

### **Тақырып 11. Бәсекелік ортаны қалыптастыру және монополияны реттеу.**

Бәсекелік ортаны қалыптастыру постиндустриалды экономикаға өтудің маңызды шарты ретінде. Монополияға қарсы саясат: мазмұны, түрлері, әсер ету әдістері. Әділетсіз бәсекенің түрлері және тұтнушылардың құқықтарын қорғау. ҚР монополияға қарсы реттеу органдарының құрылымы.

Кәсіпкерлік қызмет түрлерін қолдау және олардың дамуы. Мемлекет – бәсекелік ортаны қамтамасыз етудің кепілі. Қазіргі кездегі кәсіпкерлікті ынталандырудың нормативті-құқықтық аспектілері.

### **Тақырып 12. Жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу мен халықты әлеуметтік қорғау.**

Жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық мәні, құрылымы мен қағидалары. Еңбек рыногы субъектілері, объектілері, механизмдері. Мемлекеттің жұмыспен қамты саясаты. Белсенді және белсенді емес модельдер. Әлеуметтік саясаттың теориялық аспектілері. Табыстарды бөлудегі теңсіздік мәселесі. Қазіргі нарықтық экономикадағы әлеуметтік басымдықтар. Адам капиталын қалыптастыруда мемлекеттің рөлі. Экономикалық өсу мен әлеуметтік сфераның дамуы арасындағы өзара байланыс. Денсаулық сақтау мен білім беруді мемлекеттік реттеу.

ҚР әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері.

### **Тақырып 13. Экологиялық реттеу бойынша мемлекеттік іс-шаралар жүйесі.**

Өндіріс пен биологиялық орта арасындағы өзара қатынастардың жаңа жүйесі. Өндіріс және сыртқы әсерлер. Теріс экстерналии және экологиялық теңсіздік. Табиғи ресурстарды пайдалануды мемлекеттік реттеу. Табиғи ресурстарды пайдалануды экономикалық және әкімшілік реттеу. Мемлекеттің табиғатты қорғау қызметі. Қоршаған ортаны қорғау бойынша халықаралық және ұлттық бағдарламалар. ҚР экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік саясаты.

### **Тақырып 14. Сыртқы экономикалық іс-әрекетті мемлекеттік реттеу.**

Мемлекеттік сыртқы экономикалық іс-әрекеті: мәні және негізгі бағыттары. Сыртқы сауда саясатының мақсаттары. Еркін сауда мен протекционизм саясаттарын салыстырмалы талдау. Сыртқы сауда мен валюта бағамын либерализациялау. БСҰ-ға кіру жағдайындағы экспорт-импортты реттеу. Сыртқы экономикалық реттеу құралдары. Тарифтік және тарифтік емес реттеу. Сыртқы экономикалық іс-әрекеттің заңдық-құқықтық аспектілері.

Ғаламдану жағдайындағы Қазақстанның сыртқы экономикалық іс-әрекеттерінің басымдықтары мен болашағы.

**Тақырып 15. Аймақтардың әлеуметтік – экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу.**

Аймақ экономикаларының қызмет етуінің теориялық әдістемелік негіздері. Аймақтардың өндірістік-ресурстық әлеуетінің негізгі элементтері, олардың ерекшеліктерін анықтайтын факторлар. Аймақтық саясат. Аймақтық рыноктарды басқару. Инвестициялық саясаттың аймақтық аспектілері. Аймақтардың әлеуметтік дамуы экономикалық әдістер мен реттеу құралдарын аймақтардың негізгі мақсаты ретінде. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын дайындау және жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының аймақтары мен Орталықтың мүдделері оңтайлы үйлестірудің механизмдері.

**6M051000 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистратураға қабылдау емтихан сұрақтары**

**«Мемлекетті басқару теориясы»**

1. Мемлекет түсінігі мен қасиеттері.
2. Мемлекеттік билік қоғамдық биліктің ерекше түрі ретінде.
3. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні.
4. Билік түріндегі мемлекеттің тұрпаты.
5. Мемлекеттік басқару эволюциясы мен басқару мектептері.
6. Билік тармақтары және «билік бөлінісі» қағидасының мағынасы.
7. Саяси режим бойынша мемлекеттің тұрпаты.
8. Жүйені және оның құрылымын анықтау. Мемлекеттік басқарудың құрылымдық жүйелік-мақсатты моделі.
9. Басқарудың ұйымдық құрылымын және оның түрлерін құру.
10. М.Вебердің «рационалды бюрократия теориясы»
11. ҚР-ның заң шығарушы билік жүйесі.
12. ҚР-ның атқарушы билік жүйесі.
13. ҚР-ның сот билік жүйесі.
14. Әкімшілік-мемлекеттік мекемелердегі бюрократия мен бюрократизм.
15. Демократиялық тәртіп: негізгі белгілері және даму тіршілігі.
16. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру механизмі.
17. Мемлекеттік шешімдердің түрлері мен нысандары.
18. Мемлекеттік билік: ұғымы, мазмұны мен қағидаттары. Мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқарудың өзара байланысы.
19. Мемлекеттік басқарудың міндеті, түрлері, құралдары мен тәсілдері.
20. Мемлекеттік басқару және қоғамдағы өзін-өзі басқару механизмдерінің дамуы.
21. Құқықтық реттеудің мағынасы мен мәні. Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеудің негізгі әдісі.
22. Мемлекеттік басқарудағы мақсаттар «бұтағы» және қағидаттары.
23. Мемлекеттік басқару үлгісі
24. Мемлекеттік басқару нәтижелерін талдау әдістемесі және оларды бағалау.
25. Мемлекеттік басқару үлгісін онтайландыру қоры.
26. Мемлекеттік қызметтің айрықша белгілері.
27. Мемлекеттік саясатты жасақтау негіздері.
28. ҚР-ның мемлекеттік қызметін басқару
29. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты
30. ҚР-ның конституциясы - мемлекеттің негізгі заңы.
31. Мемлекеттік басқарудың салалық, жергілікті, орталықтандырылған органдарының кешендік және аймақтық аспектілері.
32. Қоғам мүшелерінің басқару мәдениетінің түсінігі және оның құраушы элементтері.
33. Экономика саласындағы мемлекеттік басқару.
34. Қоғамдағы мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару механизмдерінің дамуы.

## **«Аймақтық экономика және басқару»**

1. Аймақтық экономика және басқарудың пәні, негізгі міндеттері және әдістері.
2. Аймақтық экономика және басқарудың зерттеу әдістері: салыстырмалы - географиялық әдіс, статистикалық әдіс, циклдық әдіс.
3. Аймақтық экономиканың негізгі ұғымдары. «Аймақ» ұғымының, теориялық және тәжірибелік түсіндірмелері.
4. «Аймақ» ұғымы мен «Экономикалық кеңістік» ұғымының ара қатынасы.
5. И. Тюененнің ауыл шаруашылық штандорт теориясы.
6. А. Вебердің өнеркәсіптік штандорт теориясы.
7. А. Лештің шаруашылық кеңістік тұрғысынан ұйымдастыру туралы ілімі.
8. В. Лаунхардтың өнеркәсіптік кәсіпорынның рационалды штандорты.
9. А. Смит пен Д. Рикардоның абсолютті салыстырмалы артықшылықтар теориясы.
10. Аймақтық экономика теорияларының дамуының заманауи бағыттары: балансталмаған өсу теориясы, «өсу плюсі» теориясы, аймақтық теңдестіру теориясы және т.б.
11. Аймақ ұлттық экономиканың ішкі жүйесі ретінде. Аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің қалыптасуы.
12. Аймақтық даму негіздерінің макроэкономикалық сипаттамасы.
13. Территориялық еңбек бөлінісінің түрлері және деңгейлері. Территориялық еңбек бөлінісін ұйымдастыру нысандары.
14. Аймақтың салалық және аумақтық құрылымы. Аймақтардың салааралық байланыстары.
15. Аймақтық ұдайы өндіру процесі түсінігі және мәні.
16. Аймақтық ұдайы өндіріс процесінің пропорциялары.
17. Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі әлеуметтік - экономикалық дамуындағы аймақтық деспропорцияларының сипаты.
18. Аймақ әлеуетінің негізгі құраушылары: құрылымы, даму көрсеткіштері.
19. Аймақтардың табиғи-экономикалық әлеуеті, еңбек күші әлеуеті.
20. Өндіргіш күштерді орналастыру заңдылықтары, қағидалары және факторлары.
21. Аймақтық дамуын басқару жүйесін құрудың әдістемелік негіздері.
22. Аймақтық басқару жүйесінің муниципалдық және мемлекеттік жүйелерден айырмашылығы.
23. Мемлекеттің аймақтық экономикаға әсер ету әдістері.
24. Аймақ экономикасын басқарудағы ұдайы өндірістік көзқарас.
25. Аймақтық менеджмент және оның формалары.
26. Аймақтық менеджментке әсер етуші ішкі және сыртқы орта факторлары.
27. Арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) нақты территориялардағы экономикалық өмірді ұйымдастырудың ерекше типі ретінде.
28. Арнайы экономикалық аймақтар құру қажеттілігі мен мақсаттары.
29. Арнайы экономикалық аймақ мәртебесі берілетін территорияларды іріктеу критериялары.

30. Арнайы экономикалық аймақ түрлері: еркін сауда аймақтары, кәсіпкерлік аймақтары, техника-өндіргіштік аймақтар, сыртқы саудалық, фискалды, қаржылық және әкімшілік жеңілдіктер.
31. Арнайы экономикалық аймақтың қызмет етуінің әлемдік тәжірибесі.
32. Аймақтық орталықпен, басқа аймақтармен және қалған сыртқы әлеммен экономикалық байланыстары.
33. Экономикалық қатынастардың негізгі нысандары: сауда, қаржылық.
34. Аймақтық меншіктің қызмет ету проблемалары.
35. Қазақстан аймақтарының бұрынғы әкімшілік - әміршіл экономикадағы рөлі және орны қазіргі заманғы аймақтық дамудың тұрақты негізі ретінде.
36. Белгілі бір аумақтарының шикізат бағыттылығының күшеюі және моносалалық аймақтардың пайда болу.
37. Шикізаттық аймақтардың ашықтығының және аймақтардың салалық құрылымындағы диспропорциялардың күшеюі.
38. Ұлттық экономика жүйесіндегі республикалық нақты аймақтарының орны мен рөлінің өзгеру динамикасы.
39. ҚР аймақтарының әлеуметтік - экономикалық дамуы бойынша дифференциациясының күшеюі және аймақтық экономикалық саясат механизмдерін жетілдіру проблемалары.
40. Басқару жүйесін қалыптастыру және оның даму принциптері. Басқарудың еуропалық және азиялық модельдері.

#### **«Экономиканы мемлекеттік реттеу»**

1. Қоғамдық-экономикалық негізгі жүйелердің типтері және шаруашылық жүргізудің негізгі моделдері.
2. Мемлекеттік реттеудің моделдері: классикалық, кейсиандық және неоконсерваторлық.
3. Экономиканы мемлекеттік реттеудің субъектілері мен объектілері, олардың әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық мүдделері.
4. Экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттарын анықтау, бәсекелес және бірін-бірі қолдаушы мақсаттар.
5. Экономиканы реттеудегі мемлекеттің дәстүрлі және жаңа қызметтері.
6. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдары.
7. Қазақстандағы мемлекеттің экономикалық билік ету жүйесі.
8. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды ұйымдыстырушылық-құқықтық қамтамасыз ету.
9. Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні және даму белгілері.
10. Мемлекеттік реттеудің әдістері: ғылыми болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау.
11. Фискалды саясат қаржы-бюджеттік реттеудің негізі ретінде: мақсаттары, негізгі құралдары.
12. Мемлекеттік бюджет экономиканы қаржылық реттеудің негізі.



13. Салық жүйесінің мәні, оны құру қағидалары және негізгі құралдары: салықтық жеңілдіктер, салықтық несиелер, жеделдетілген амортизация.
14. Бюджеттің тапшылығы және мемлекеттік қарыз - экономиканы реттеудің құралдары.
15. Қазақстан Республикасындағы қаржы саясатының ерекшеліктері.
16. Ақша-несиелік реттеудің неоклассикалық, кейнстік модельдері және монетарлық теориясы.
17. Классикалық монетарлық құралдар: ашық рыноктағы операциялар, пайыз қойылымы саясаты, міндетті резервтерді реттеу.
18. ҚР даму сатыларындағы ақша-несиелік саясатының ерекшеліктері.
19. Экономикалық өсудің мақсаттары, типтері және факторлары.
20. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі әрекет ету бағыттары.
21. Ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттардың қалыптасуы.
22. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жж. дейінгі индустриалды-инновациялық стратегиясы және оны жүзеге асырудағы даму институттарының рөлі.
23. Венчурлік кәсіпкерлікті ұйымдастыру мен дамытуды ынталандыру.
24. Постиндустриалдық типтегі экономика құрылымы. Мемлекеттің құрылымдық саясаты және негізгі көрсеткіштері.
25. Өнеркәсіптік саясаттың мақсаты, негізгі міндеттері, қағидалары және түрлері. ҚР өнеркәсіпті қолдаудың жалпы және таңдамалы іс-шаралары.
26. Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу нысандары мен әдістері.
27. Ұлттық экономикадағы аграрлық өндірістің ерекшеліктері. Агроөнеркәсіптік кешенде тұрақты өндірісті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі қызметтері.
28. Қазақстан Республикасындағы аграрлық өндірісті ынталандыратын мемлекеттік бағдарламалар және аграрлық кластерлер.
29. Бәсекелік ортаны қалыптастыру постиндустриалды экономикаға өтудің маңызды шарты ретінде. Мемлекет – бәсекелік ортаны қамтамасыз етудің кепілі.
30. Монополияға қарсы саясат: мазмұны, түрлері, әсер ету әдістері. ҚР монополияға қарсы реттеу органдарының құрылымы.
31. Әділетсіз бәсекенің түрлері және тұтынушылардың құқықтарын қорғау.
32. Кәсіпкерлік қызмет түрлерін қолдау және олардың дамуы. Кәсіпкерлікті ынталандырудың нормативті-құқықтық аспектілері.
33. Жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық мәні, құрылымы мен қағидалары.
34. Мемлекеттің жұмыспен қамту саясаты. Белсенді және белсенді емес модельдер.
35. Әлеуметтік саясаттың теориялық аспектілері.
36. ҚР әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері.
37. Табиғи ресурстарды пайдалануды экономикалық және әкімшілік реттеу.

38. Қоршаған ортаны қорғау бойынша халықаралық және ұлттық бағдарламалар.

39. ҚР экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік саясаты.

40. Мемлекеттік сыртқы экономикалық қызметі: мәні және негізгі бағыттары.

41. Сыртқы экономикалық қызметті тарифтік және тарифтік емес реттеу.

42. Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметінің басымдықтары мен болашағы.

43. Аймақтардың өндірістік-ресурстық әлеуетінің негізгі элементтері, олардың ерекшеліктерін анықтайтын факторлар.

44. Аймақтық саясат мәні, бағыттары және негізгі құралдары.

45. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын дайындау және жүзеге асыру.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. - М.: Омега-Л, 2010 г. – 630
2. Глазунова Н. И. Государственное (административное) управление : Учебник /.- М. : Проспект, 2004. - 556 с.
3. Пикулькин А. В. Система государственного управления. Учебник для вузов / А. В. Пикулькин. - 3-е изд., перераб. и доп. – М., ЮНИТИ, 2004. – 544с.
4. Халиков М. И. Система государственного и муниципального управления. Учебное пособие. Уфа, БАГСУ, 2007.
5. Чиркин В. Е. Система государственного и муниципального управления : Учебник для вузов / В. Е. Чиркин. - М. : Юрист, 2005. – 379 с.
6. Теория и практика менеджмента / Под.ред. д.э.н., профессора Кубаева К.Е. – Алматы: Қазақ Университеті, 2005.
7. Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: Учебник. - 4-е изд. - М.: Гардарики, 2006.
8. Толебаева Б.Т. Менеджменттің теориясы мен тәжірибесі: Оқу құралы. – Орал, БҚМУ БАҚ және баспа орталығы, 2007. – 144 б.
9. Кубаев К.Е. Эффективное государственное управление. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 218 с.
10. Концепция перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 годы. – Казахстанская правда, 2006, 18 ноября.
11. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. Послание Президента РК народу Казахстана. А. 2005.
12. Саханова А.Н., Сейтмагамбетова М.С., Есенжигитова Р.Г. Государственное регулирование экономики. Сборник кейсов по курсу. – Алматы, Экономика, 2003.
13. Антонова Н.Б. Государственное регулирование экономики: Учебник / Антонова Н.Б. -Мн: Академия управления при Президенте Республики Беларусь, 2002. - 775 с.
14. Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент. – М.: Экономист, 2009.
15. Дафт Р.Л. Менеджмент. – СПб.: Питер, 2011.
16. Халиков, М. И. Государственная и муниципальная кадровая политика : учеб. пособие / М. И. Халиков, Р. Х. Кунакбаев. – Уфа : БАГСУ, 2006.
17. Международный менеджмент: Учеб. для вузов / Под ред. С.Э. Пивоварова, Д.И. Баркана, Л.С. Тарасовича, А.И. Майзеля. – СПб.: Питер, 2000.
18. Аршакян Д. Эффективность государственного управления // Проблемы теории и практики управления. 2006. № 8. С. 24-30.
19. Конституция Республики Казахстан. Алматы : ЮРИСТ. 2007.
20. О Президенте Республики Казахстан: Конституционный закон Республики Казахстан от 26 декабря 1995г. с изм. от 18 июня 2007г.

21. О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов : Конституционный закон Республики Казахстан от 18 октября 1995г. с изм. от 18 июня 2007 г.
- 22.О Правительстве Республике Казахстан: Конституционный закон Республики Казахстан от 18 октября 1995г. с изм. от 18 июня 2007г.
- 23.Об административных правонарушениях: Кодекс Республики Казахстан от 30 января 2001 г. и изм.